

**№32 «Қуаныш» балабақшасы МКҚК мен "№10 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ арасындағы сабақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарының қыркүйек айында өтілген іс-шаралары
№2 хаттамасы**

«4» 09 2026ж

Өткізілген орны: МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, мектепалды тобының тәрбиешілері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. «Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру»
2. Мектепалды даярлық тәрбиеленушілерін мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайындау.
3. Балабақша мен бастауыш мектеп педагогтерінің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер **Боташова У.Ж.** сөз сөйледі.

Әдіскер балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық – баланың мектепке біртіндеп бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық үдеріс екенін атап өтті. Сабақтастықтың негізгі мақсаты – мектепалды даярлық кезеңінде қалыптасқан баланың білім, білік, дағдыларын бастауыш білім беру кезеңінде одан әрі жүйелі түрде дамыту, оқу әрекетіне қызығушылығын қалыптастыру және жаңа әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделуіне жағдай жасау.

Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық бірнеше бағытта жүзеге асырылатыны айтылды:

- мектепалды тобы пен бастауыш білім мазмұнының өзара үйлесімділігі;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- баланың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру;
- танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын дамыту;
- сөйлеу, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру;
- баланың дербестігін және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру;
- ата-аналармен бірлескен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Әдіскер мектепалды даярлық тобында балаларға «мектепке бару», «мектептегі тәртіп», «мұғаліммен қарым-қатынас», «оқушының міндеттері» тақырыптарында әңгімелесу, сюжеттік-рөлдік ойындар, танымдық тапсырмалар ұйымдастырудың тиімділігін атап өтті.

Балабақша меңгерушісі Лекерова Р.А. өз сөзінде баланың мектепке дайындығы тек әріп танып, санаумен шектелмейтінін атап өтті. Баланың мектепке барған кезде мұғалімді тыңдай білуі, тапсырманы түсінуі, өз ойын жеткізуі, құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, өз әрекетін ұйымдастыра алуы және жаңа ортаға бейімделуі маңызды екендігі айтылды. Осыған байланысты мектепалды даярлық тәрбиешілері балалардың бойында оқу әрекетіне қажетті қарапайым дағдыларды жүйелі қалыптастыруы қажет.

Меңгеруші балабақша мен мектеп арасында өзара байланысты күшейту үшін бастауыш сынып мұғалімдерімен кездесулер, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, мектепке экскурсия ұйымдастыру және бірлескен іс-шаралар өткізу қажеттігін атап өтті. Педагогтер тарапынан мектепалды даярлық тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар айтылды. Тәрбиешілер балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дайындық барысында оқу тапсырмаларын ойын арқылы ұйымдастыру, балалардың еркін сөйлеуіне мүмкіндік беру, зейінін, есте сақтауын, ойлауын және ұсақ моторикасын дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар мектепке баратын балалардың ата-аналарына мектепке психологиялық дайындық, күн тәртібі, өзіне-өзі қызмет көрсету және баланың дербестігін қалыптастыру мәселелері бойынша кеңес беру ұсынылды.

Қаулы:

1. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық, әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дайындығын қалыптастыру жұмыстарын күшейтсін.
3. Балабақша мен бастауыш мектеп педагогтері арасында тәжірибе алмасу және әдістемелік байланыс ұйымдастырылсын.

Хатшы:  Жолаушыбаева Л.А.